

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
Білім және ғылым саласында сапаны  
қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе  
облысының білім саласында сапаны  
қамтамасыз ету департаменті»  
мемлекеттік мекемесі



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственное учреждение  
«Департамент по обеспечению качества в  
сфере образования Актыубинской области  
Комитета по обеспечению качества в сфере  
образования и науки Министерства  
образования и науки Республики Казахстан»

030002, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,  
Нағым Қобыланды көшесі, 10 ү.  
Тел.: 8 (7132) 41-44-58, www.aktobcontrol.gov.kz

030002, Актыубинская область, город Актыубе,  
район Алматы, улица Нағым Қобыланды, дом 10  
Тел.: 8 (7132) 41-44-58, www.aktobcontrol.gov.kz

27.05.22 № 17-12-04-6/542

**«Ақтөбе облысының білім  
басқармасы Алға ауданының  
білім бөлімі» ММ «Бесқоспа  
орта мектебі» КММ**

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті  
(бұдан әрі-Департамент) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының  
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесіне 2022 жылғы 23-27 мамыр аралығында жүргізілген  
мемлекеттік қайта аттестаттау қорытындысын жолдайды.

Қосымша тіркелді: 15 бетте.

Департамент басшысы

Б.Кузембаева

А.Кемешов  
Тел: 41-44-32

Бланк сериялық нөміріні бағып табылды. Жауап қағаздарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.  
Бланк без серийного номера недействителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

001747

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қайталама қорытынды  
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ  
«Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ақтөбе қаласы**

**«27» мамыр 2022 жыл,  
15 сағат 00 минут**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2021 жылғы 10 қарашада бекітілген 2022 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2022 жылғы 01 – 05 наурызы аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып, 05.03.2022 жылғы №55 н/к бұйрықпен кемшіліктерді жою туралы қорытынды берілген.

2022 жылғы 23 – 27 мамыр аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген қорытындыдағы бұзушылықтарды жою туралы 20.05.2022 жылғы №83 хатпен ұсынған есебі келесі құрамдағы комиссиясымен қаралды:

1.Кемешов Аскар Жайлыбаевич - Кемешов Аскар Жайлыбаевич – Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;

2.Таяуова Салтанат Жубаткановна - №39 орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, химия, биология пәндерінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

3.Токсанбаева Қаракөз Құдайбергенқызы –М.Дулатов атындағы №63 орта мектеп-лицейі директорының бастауыш кластар бойынша орынбасары, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі;

4.Карибаева Калдыгул Акдаулетовна - №36 қазақ орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

5.Байсейтова Қазиза Жултаевна - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері, комиссия мүшесі;

Комиссиямен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

## Білім беру қызметін талдаудың нәтижелері туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:
- оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
  - тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
  - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
  - тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
  - "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша.
- Талдау нәтижелері:** Шағын орталық тобында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында дағдыларды қолдануында циклограмма жүргізу анықталмаған болатын. Шағын орталық берілген уақыт көлемінде аталған көшірмелерді дайындап, толықтырып берді.
- «Бесқоспа орта мектебі» кемшіліктерді жою мақсатында ұсынған құжаттарды зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылы бойынша циклограммалары зерделеуге тарапынан ұсынылған. Ұсынылған материалдары бойынша шығармашылықты, коммуникабельділікті, сыни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында 4 К моделіндегі дағдылар ойын тапсырмаларында қарастырылған және циклограммаға енгізілген.
- "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстарды жоспарлау ұсынылған болатын, алайды 2021-2022 оқу жылында "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының бекітілген іс-шарасының жоспары, жүргізілген жұмыстарының фото материалдары ұсынылған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен

	оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2-тарауының 5-тармағы, 7), 8)-тармақшаларының талабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығының 1- қосымшасының 1 – тарауының 4 тармағы, 7,8 тармақшалары талаптарына сәйкес келеді.
3)	<p><b>МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері).</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі шағын орталық тобында баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта материалдарымен қамтылған, мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалғанын растайтын бейнематериалдары және МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құрал-жабдықтарының дәлелдемелері ұсынылған.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының б) талабына сәйкес келеді.</p>
б)	<p><b>баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері)</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> Шағын орталық тобында жеке даму жоспарларының (карталарының) ұсынылмағаны анықталған болатын. Бөбекжай балабақшасы берілген уақыт көлемінде аталған көшірмелерді дайындап, толықтырып берілген.</p> <p>Зерделеу барысында балалардың жас ерекшеліктеріне орай бағдарламаны меңгеру жұмысын бағалаудың жүргізіліп отыратындығы анықталды. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде балалардың даму мониторингін қамтамасыз етіп, балалардың жеке дамуын жоспарлауға негізге алынған. Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлеріне сай толтырылған. Баланың жеке даму картасының қорытынды бөлімінде жақсы нәтижелерге жеткендігі көрсетілген.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4 тарау 17 – тармағы талаптарына сәйкес келеді.</p>
8)	<p><b>тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмелері).</b></p> <p><b>Талдау нәтижелері:</b> Шағын орталық (ортаңғы топ жасындағы) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) жүргізу ұсынылған болатын. Бастапқы мониторинг материалдары ұсынылғандығы анықталды.</p> <p>Шағын орталық кемшіліктермен жұмыс жасаған, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды орындау бағытында жұмыстанған. Бастапқы мониторинг түзетіп қайта жасалған құжаттары мониторингі бар. Мониторинг құжаттары бойынша бақылау парағы, жиынтық есептері ұсынылған.</p>

алынған, жұмыс жүргізілген.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 – тараудың 15-тармағының (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) талабына сәйкес келеді.

**Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.**

- 1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру. (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейне материалы).

Талдау нәтижелері Бесқоспа орта мектебінің мектепалды даярлық класы, шағын орталық ұсынған білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды. Зерделеу барысында бес білім беру саласынан бір бейне материалдардан ұсынды. Педагогтардың балалармен қарым-қатынасы жақсы. Көрнекіліктер талаптарға сай. Тәрбиеленушілер жас ерекшелігіне сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілерден күтілетін білім, білік дағдыларын толық меңгерген.

Бесқоспа орта мектебінің мектепалды даярлық класы ұсынған білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдарына талдау жасалды.

Мектепалды даярлық класс бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің 3-бейнематериалдары ұсынылған. Ұйымдастырылған оқу қызметінде білім беру салалары бойынша жас және жеке ерекшеліктері ескерілген.

Мектепалды даярлық класы И.С.Сарина «Қатынас» саласы бойынша ұзақтығы 17.30 минут, «Әлеумет саласы бойынша тақырыбы «Күн, су, ауа» ұзақтығы 12.55 минут, «Қатынас» саласы «Сауат ашу» бөлімі бойынша ұзақтығы 12.27 минут. Педагог балалармен топтық жұмыстар жүргізілген. Ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізуде үлгілік оқыту бағдарламасында көрсетілген мақсаттар ішара ескерілген, балалардың белсенділіген арттыруға ойын түрлері және жеке үлестірмелі материалдар таратылды.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 5-тарауының 5-тармағы 7) тармақшасына сәйкес келеді.

- 2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау. (бағалау өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингінің (қорытынды) көшірмелері).

**Талдау нәтижелері:**

Тәрбиеленушілердің жас кезеңдеріне сәйкес шағын орталық топтарының қорытынды мониторингісі жүргізілген. Қорытынды бағдарламаны игеру диагностикасының жиынтық есептері мен жеке даму карталары ұсынылған. Зерделеу барысында балалардың жас ерекшеліктеріне орай бағдарламаны меңгеру жұмысын бағалаудың жүйелі түрде жүргізіліп отыратындығы анықталды.

Бесқоспа орта мектебіндегі шағын орталық тәрбиеленушілер жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі қорытынды нәтижелері және талдаулары бағалау өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингінің қорытынды көшірмелері ұсынылған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 4-тарауының 17-тармағына сәйкес келеді.

**Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

- 1) **жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (бағалау өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері).**

**Талдау нәтижелері:**

Шағын орталық тәрбиеленушілерін топқа жасақтау барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу мерзіміне қойылатын талаптарын басшылыққа алып жұмыстану ұсынылған болатын. Зерделеу кезінде 9 қосымшаға сәйкес тізімдері ұсынылғаны анықталды. Ұсынылған көшірмеде туған жылдарына сәйкес Ерсек тобы «Балапан»; Ортаңғы тобы «Күншуақ», кіші тобы «Балдырған» болып бөлінген тізімі бар екендігі дәлелденді.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 5-тарауының 22-тармағына сәйкес келеді.

- 2) **тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.**

**Талдау нәтижелері:** Білім беру ұйымына балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы жүргізілгендігі туралы, тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару туралы бұйрықтарының көшірме материалдары ұсынылған, тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары сақталған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» бұйрығына 1-қосымшаның 5-тарауының 22-тармағына сәйкес келеді.

**Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

**2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар.**

- 4) **білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру. (Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары: жоспарланған іс-шараларды орындау бойынша барлық растайтын құжаттарымен тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері.)**

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеу материалдарында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысы жоспарларының көшірмелері ұсынылған.

Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құндылықты, рух- жігері шыңдалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай тудыру және басымдылықтың бағыттарын айқындау: ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым білімді орта дайындау арқылы оқушыларды танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту; өзін-өзі танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз ету

2017-2018, 2018-2019 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысын жоспарлауда 2015 жылғы 22

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4- тарауының 17 тармақтарына талаптарына сәйкес келеді.

**Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы. (білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген толассыз тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар).

**Талдау нәтижелері:** : Шағын орталық тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптарын талапқа сәйкес құрастырып, бекітілген. Құжаттарды басшымен бекітіп, сканер нұсқада ұсынған.

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы Бесқоспа орта мектебінің басшысы әзірлеген бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері 5 жылдық, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген толассыз тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспардың көшірмелері ұсынылған. 2017,2018,2019,2020,2021 ж.ж.5 жылдың кіші тобы, ортаңғы тобы, ересек тобының жас ерекшеліктері бойынша ұйымдастырылған оқу сабақ қызметі негізінде оқу бағдарламаларының атауы түсінік хатта көрсетілген, кестеде бөлінген уақыттары көрсетілген. Оқу жоспарлары стандарттың өлшемдеріне сәйкес келеді.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 тарауының 14-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша, Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымша талаптарына сәйкес келеді.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы (білім беру ұйымының басшысымен әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар).

**Талдау нәтижелері:** 2021-2022 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобының перспективалық жоспары дұрыс құрылмаған (атап айтсақ перспективалық жоспарды ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен жоспарлап құрған. Бес білім беру саласын жекелеп бөліп құрылмаған). Мектепалды даярлық тобының перспективалық жоспары талапқа сәйкес құрастыру ұсынылған болатын. Кемшіліктер жойылған. Перспективалық жоспар талапқа сәйкес құрастырылып, материалдары зерделеуге ұсынылған.

Бесқоспа орта мектебінде оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы білім беру ұйымының басшысымен әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспардың көшірмелері ұсынылды. Ұсынылған құжаттарда 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 ж.ж (5) жылдың кіші тобы, ортаңғы тобы, ересек тобының жұмыс тақырыптары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарында 3 – тараудың 15-тармағының (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) бойынша өзгерістер басшылыққа

сәуірдегі №227 бұйрығы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазан № 525 бұйрығымен бекітілген ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне сүйене отырып құрылып бекітілген.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы аясында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының жоспары 9 бағытқа негізделіп жасалған.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мақсатында білім алушыларға «Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат», «Менің тұңғыш Президентім», «Кемеңгер елдің көреген басшысы» класс сағаттары, «Мен өз елімінің патриотымын», «Жұлдызы жанған – тәуелсіз Қазақстан», «Мәңгі ел есінде» атты патриоттық әндер байқауылары, «Тәуелсіздік-тендесі жоқ байлық» тақырыбында аптылық, дөңгелек үстел, «Өз құқығыңды білмесең, олардың қорғалуын талап ете алмайсың» атты интеллектуалды сайыс, «Сен құқықты білесің бе?» атты дөңгелек үстел, құқық қорғау органдарымен кездесулер, "Тәуелсіздік - тірегім" шығармашылық көрме, «Мен бақытты ұланмын» тақырыбында мектепшілік «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиын, «Мейірбандық күндері» акциялары, «Қазақстан-біздің ортақ үйіміз» тақырыбында достық кеші, «Отбасындағы ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау мақсатында сауалнама, отбасылық спорттық ойындар, шығармалары, тренингтер және т.б., ұлттық тәрбие беру мақсатында іс-шараларды ұйымдастырылған.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша тәрбие жұмысын жоспарлауда ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітіліген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазан № 525 бұйрығымен бекітіліген ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынған. Тәрбие жұмысының жоспары "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 бағытқа негізделіп құрылып бекітіліген. Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту мақсатында «Нұр аға, Жан аға» танымдық сабағы, 100ән жобасы, «Аман бол, асыл қарттарым» тәрбие жобасы, «Қазақ тілі-ұлттық тілі» атты мүшәйра кеш, «Елімнің тірегі-тәуелсіздік» тарихи кеш және т.б. ұйымдастырылған. Таным мәселелерін шешу және субъективті жаңа білімді меңгеру, бойынша «Ұстазым-ұлы тұлға» кездесу, «Кітап-рухани азық» 100 кітап жобасы, оқырман кездесу «Қош келдің, Наурыз» 100 есім жобасы аясында қолөнер көрмесі, танымдық сабақтар, дөңгелек үстел, тренинг, таланттарды бірге ашайық жобасы аясында челленджер, акциялар, мектеп оқушылары қарияларға көмек көрсеткен. 2021-2022 оқу жылы бойынша білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды және өзін-өзі басқару органдарын дамыту мақсатында «Мектеп парламенті» құрылды, фракцияларға бөлінген, «Ұшқыр ой» дебат жоспары, «Жас ұлан» ұйымының, «адал ұрпақ» клубының жүзеге асырылуда. Ата-аналар комитеті, аналар, әкелер кеңестері жұмыс жасауда. Барлық жоспарлар хаттамаларымен, талдау жұмыстарымен рәсімделген. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмыстары инстаграмм желісінде мектеп сайтында жарияланған..

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен жазылған. ҚР Білім Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 28-бап, 3-тармағы «Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың тәрбиеленушілердің



патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни әлеуметтік ымырасыздық пен айырақшалықты насихаттауға, милитпристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады» талаптарына сәйкес келеді.

- 5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (Бағаланатын кезеңге қосымша сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері).

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеу барысында төмендегідей анықталды: 2017-2022 оқу жылдарындағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудағы спорттық үйірме-секциялардың қосымша кестелері ұсынылған. Атап айтсақ, қазақша күрес, шахмат, тоғызқұмалақ, волейбол, футбол спорттық секциялары, домбыра, вокал үйірмелеріне білім алушылардың қатысым берілген. Жалпы қатысым-105 білім алушы, 70% -құрайды. Әр жылдың жетістік нәтижелерінің дәлелдемелері (көшірмелері) ұсынылып отыр.

бағыты	оқу жылдары	контингент	Спорттық, шығармашылық және мәдени сайыстарға қатысу нәтижелері										
			қалалық		облыстық		республикалық		халықаралық		Республикалық және халықаралық		баға
			сан	үлесі	сан	үлесі	саны	үлесі	сан	үлесі	сан	үлесі	
2017-2018	74	4	5,4%					1	1,3%	1	1,3%	Uzdik	
2018-2019	97	2	2,6%										
2019-2020	95	1	1,05%	1	1,05%	2	0,02%	1	1,05%	3	3,1%	Uzdik	
2020-2021	104	4	3,8%	1	0,9%	3	2,8%	1	0,9%	4	3,9%	Uzdik	
2021-2022	100	1	1%	2	2%	3	3%	3	3%	6	6%		

Білім беру ұйымында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында білім алушылар үшін сабақтан тыс іс-әрекеттің аз деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды.

Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелеріне талдау жүргізілді, барлық дәлелдеме грамоталары пән мұғалімдерінің жеке құжаттарынан алынып жинақталды.

2 қосымшаның 1.4. бөлімі бойынша Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Халықаралық немесе республикалық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі жалпы білім алушылар санынан нағын жинақталған мектептер үшін 10%-дан кем болмау;

2017-2018 - 1,3% Uzdik

2018-2019 - 0

2019-2020 - 1,05% Uzdik

2020-2021 - 0,9%

2021-2022 - 3% Uzdik

Қалалық және ауландық спорттық, мәдени, шығармашылық-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі жалпы білім алушылар санынан нағын жинақталған мектептер үшін 10%-дан кем болмау;

2017-2018 - 0

2018-2019 - 0

2019-2020 - 0,02%

2020-2021 - 2,8% Uzdik

2021-2022 - 3% Uzdik

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Кемшілік жойылған. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 3-қосымшасының 2-тарауы 1-параграфы 16-тармағы, 4-қосымшасының 2-тарауы 1-параграфы 17-тармағы «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз етеді» талаптарына сәйкес білім алушылар шығармашылық сайыстарға, жарыстарға «Uzdik» деңгейде қатыстырылған.

9) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының зерделеу. *Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары: "Дүниетану", "Дене шынықтыру", "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық" оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары және т.б*

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеуге ұсынылған құжаттары қаралды. 2017-2018, 2018-2019 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2 бөлім 2 тарау 25 тармағына "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 3-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу курсының шеңберінде: 3-сыныпта жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта – 10 сағат бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады; 6, 8, 9-сыныптарда "Дене шынықтыру" оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда "Алғашқы әскери дайындық" оқу курсының шеңберінде 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында жүргізіледі» сәйкес жүргізіледі. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының орындалуы «Күнделік.kz» электронды журналы арқылы қаралды. Нәтижесінде өмір қауіпсіздік негіздері міндетті курсы 1-3 кластарда 6 сағ 4 кластарда 10 сағ дүниетану пәніне, 5-9 кластарда «Дене шынықтыру» пәніне 15 сағ кіріктіріліп толтырылған.

**Өмір қауіпсіздік негіздері (ӨҚН) оқу курсының электронды журнал kundelik.kz. ге тақырыптарының мерзімі туралы.2021-2022 о.ж.**

Пәндері	Айлары										ж/с
	09	10	11	12	01	02	03	04	05		
<b>Дүниетану пәні</b>											
1 клас	22	20		22			02,16	27			6
2 клас	20		29		24		14	11,25			6
3 клас	20			06	24		14	18	23		6
4 клас				13	31	07,21	14	04,11	18,16,23		10
<b>Дене шынықтыру пәні</b>											
5 клас	02	01	08,11,12,13	02	17	03	04,12,18,31	08	14		15
6 клас	02	01	12,29	10	17,24	05	04,18,	01,08,18,29	21		15
7 клас	02		09,12,19	03,29	18,28	11	02,18	01,15	14,24,		15
8 клас	02,07,16	02,23,30	09,16,25,	02	18	19	17,31		24		15
9 клас	04,11	30	09,30	29	18	05		02,09,16,30	04,17,24		15

**Өмір қауіпсіздік негіздері (ӨҚН) оқу курсының электронды журнал kundelik.kz. ге тақырыптарының мерзімі туралы.2020-2021 о.ж.**

Пәндері	Айлары										ж/с
	09	10	11	12	01	02	03	04	05		
<b>Дүниетану пәні</b>											
1 клас	03	29,01		03	21				06		6
2 клас	02,16			23	27			14	05		6
3 клас	09	07	04	23	20	24					6
4 клас	09	07	04	30	27	10	03	07,21	05		10
<b>Дене шынықтыру пәні</b>											
5 клас	08,11,18,25,29		18,19,27	08,11,15	12,29			20,30			15
6 клас	08,15	01	03,17,19	04,08,18			15	09,13,19,16,30			15
7 клас	10,14,21	01,08	02,19	03,11	22	04,25		01,12	13		15
8 клас	02,07		30,20	14,28,28	14		19	01,08,09,15,22,16			15
9 клас	07,08,16	05,16	02,30	21	11,19	02,26		12,16,26			15

**Қорытынды: Кемшілік жойылған.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 24-тармағы, 3-қосымшасының 75- тармақ б) тармақшасы, 4-қосымшасының 81- тармағына сәйкес келеді.

Уразалина Г- бастауыш класс лауазымы бойынша 2018 ж 31 шілде №235 бұйрығымен Педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілгендігі жөнінде куәлік ұсынылған. (расталды)

Мамыр айының бесіне бастап Матаева Ш.А лингофон кабинетінің меңгерушісі болып тағындалған. Бұйрық №50-2 05.05.2022ж. Оқу бөлмесінің құжаты бар. Жабдықталған. Бөлменің ауданы 25 км метр, 1-2 кластар үшін жабдықталған. Класс тақтасының жабдығы-екі жақтаулы магнитті тақта. Құжатта оқу кабинетінің пайдалану ережесі мен техника қауіпсіздігі, электр жарық жүйесінің схемасы, электр оқу құралдарының орналасуы мен басқару жүйесінің схемасы, өрт қауіпсіздігінің жабдығы, бөлме көрнекіліктерінің саны, аудиовизуальды жабдықтар, техникалық оқу жабдықтары, пән бойынша дидактикалық материалдар мен құралдардың тематикалық картотекасы, бөлменің перспективалық жоспары көрсетілген. Атап айтсақ, техникалық оқу жабдықтары: графопроектор-1, экран-1, компьютер-1, құлаққап-8, процессор-1, аудиовизуальды жабдықтар: бейнефильмдер-10, электрондық құралдар-5, бөлмедегі бар көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар: тақта-1, тумба-1, парта-6, отырғыш-12, жалюзи-2, мұғалім столы-1, отырғыш-1, стендтер -6, екі-жақтаулы магнитті тақта-1; Қорыта келгенде оқу кабинеттеріндегі инвентарларды ұлттық білім беру деректер қорына тіркеу жүргізілген. Бұйрық №47 09.03.2022ж

Қорытынды: Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 58- тармақшасына, 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидаларына сәйкес келеді

#### 4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер). (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал).

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеу кезінде бірқатар пәндер бойынша ұсынылған бейнесабақтар қаралды.

Мектеп әкімшілігі ұсынған дискіде кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәні бойынша пән мұғалімі: Д.Ж.Исеновтің 11 класс «Жеке бюджетті басқару» тақырыбындағы сабағы ұсынылған. Мұғалім сабақ басында оқушылармен хабарласып, бүгін біз жеке қаржы, қаржылық жоспарлау және бюджет туралы түсіндіретінін хабарлайды. Күнделікті өмірде қаржылық жоспарлау мен жеке бюджет бізге не үшін қажет екенін түсіну үшін олардың әрқайсысын талдайды. Сабаққа оқулық, интерактивті тақта, таратпа материалдар, «Отбасылық қаржыны жоспарлау | Bastau бизнес» бейнесабағы, «Қаржыны ұлғайтудың қарапайым тәсілдері» бейнесабағы, «Үй бюджеті және отбасылық қаржыны жоспарлау» бейнесабақтарын қолданды. «Шабадан, ет тартқыш, себет» әдісі бойынша рефлексия алынды.

Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру пәні бойынша пән мұғалімі С.Ж.Тұрақбайдың 3 класс «Дене жаттығулары кезінде өзін-өзі басқару. Гигиеналық гимнастика жаттығулары» тақырыбындағы сабағы да мұғалім гимнастикалық төсеніште алға және артқа домалау, жауырынға тұру, баспен тұру, алға домалау жаттығуларын жасатты. Сабақтың соңында «Смайликтер» арқылы кері байланыс жүргізе отырып, «Біздің сынып керемет!» ұранымен сабақты қорытындылады.

Музыка пәнінен А.Балымбетованың 3 класс «Қазақ оркестрін тұңғыш ұйымдастырушы – Ахмет Жұбанов», ал 5-6 кластарда Л.С. Даулеталина «Тағамдар музыка әлемінде», Г.К. Уразалинаның 2 класс «Музыкадағы төлдер бейнесі» тақырыптарындағы сабақтары бойынша кесте толтыру кезінде формативті бағалау жүргізді. Мұғалімнің бұйрығы бойынша жұптасады, топқа бөлінеді. Дауыс жаттығуын қайталап орындайды. Оқушылар жылдам оқып сабақтың тақырыбын ашады. Сұрақтарға жауап береді. Дұрыс жауап берген сайын « Үш

10) **"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру. Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары:** оқу курсы бағдарламасының, сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарының көшірмелері; теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналы.

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеуге ұсынылған құжаттарды қарау барысында «Жолда жүру ережесінің» міндетті оқу курсына іске асыру жұмысы қаралды.

2017-2018, 2018-2019 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2 қосымша 2 тарау 26 тармағына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда мынадай оқу курстарының шеңберінде іске асырылады: "Ана тілі", "Музыка", "Бейнелеу өнері", "Технология"; 5-8-сыныптарда сабақтан тыс уақытта, сынып сағаттары мен факультативтер есебінен іске асырылған.

2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасының 2-тарауы 1-параграф 25-тармағына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3 - қосымшасы 2-тарауы 1-параграфы 35 -тармағына сәйкес, "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсете отырып, іске асырылған.

Осы кемшіліктерді орындау барысында мектеп басшысының «Күнделік КЗ» электронды журналына Жолда жүру ережелерінің оқу курсының тақырыптары мен мерзімдері 1-4 кластарда 6 сағ, 4-8 кластарда 10 сағ жоспарға енгізіліп, толтырылғандығы жөнінде қол қойылған 17.05.2022ж №83 Ақпарат хаты қосымша жолданған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 25-тармағына сәйкес орындалған.

11) Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. **Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары:** біліктілік талаптарын сақтау бойынша растайтын құжаттардың көшірмелері (жабдыққа және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен алынған негізгі құралдар тізбесі), қосымшаларға сәйкес толтырылған кестелер 10, 11, 12, 13, 14, 17 білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдық пен жиһаздың болуы жөніндегі бейнематериалдар, қорытынды өзін-өзі бағалау жөніндегі бағалау парағы.

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеу барысында бірқатар педагогтардың біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар қаралды.

ҚР білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 58-тармақшасы талаптарының орындалуына сәйкес Сатыбалды Айсұлтанның Қ.Жұбанов ат. Өңірлік университетінде 282 сағ көлемінде 6В01503 «Информатика» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өткендігі туралы құжат ұсынып отыр және көшірмесі көрсетілген. Суқашева Райгүл Қалыбайқызына 2019ж «12» желтоқсандағы №77-5бұйрығымен педагог-модератор санаты біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-психолог мұғалімі лауазымы бойынша куәлігі ұсынылған.

Құлжанов Н- «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 2017 жылғы «30» мамырдағы №666 бұйрығына сәйкес «Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты химия және биология пәнінің оқытушысы біліктілік санаты берілгендігі жөнінде куәлік ұсынып отыр.

шапалак» әдісі қолданылады. Әнді орындау барысында критерий бойынша бағалайды. Топтар бір-бірінің дұрыс жазған жауаптарын «Бас бармак» әдісімен бағалайды. Бейнетаспадан қайталайды. Сабақ ұнаған болса «көңілді», ұнамаса «көңілсіз» смайликтерді көтереді.

Пән аты: Дүниежүзі тарихы, 7 класс, Пән мұғалімі Исенов Даулет Жаңабергенұлы, сабақ тақырыбы: АҚШ-тағы құлдық қалай жойылды?

Қатысқан оқушы саны-7. Сабақ оқушылардың пәнге қызығушылықтарын туғызу мақсатында 2 топқа бөлінді. Үй тапсырмасы тексерілді. Оқушы білімі бағаланды. Жаңа сабақ тақырыбы хабарланып ойларын жинақтау мақсатында бейнеролик көрсетіліп, сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындыланды. Мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс жасалды. Оқушылар білімі бағаланып отырылды. География пәнімен байланыстырылды. Тарих пәні ерекшелігіне байланысты терминдермен жұмыс жасалды. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды. Жеке оқушымен жұмыс жасалына отырып, оқушылардың барлығы сабаққа толық қамтылды. **Қорытынды:** сабақ жаңартылған мазмұнда, қолданған тәсілдері тиімді. Оқушылар оқу әрекетіне белсенді қатыса білді.

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Сапар Молдағали, 9 класс**

Тақырыбы: Қазақстан бейбітшілік пен ынтымақтастық жаршысы

Сабақ барысында оқушылар жұптасып, бір-біріне жағымды тілектер айтып, сабақтың басын жағымды психологиялық ахуалмен бастады. Фигуралар арқылы үш топқа бөлініп, топта сұрақтарға жауап берді. «Мен бейбітшілік жаршысымын» тақырыбында бес минуттық эссе жазып, өз ойларын жеткізді. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар нақыл сөздердің жалғасын тапты. Сабақтың қорытындылау бөлімінде Мен түсіндім, Маған әлде де түсініксіз айдарларына өз ойларын жазып қалдырды.

Сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдер аз болды. Оқушылардың басым көпшілігі өз ойларын білдіруге тырысты. Сабақ мақсатына жетті.

**Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Согушбекова Лиза, 7 класс.**

Тақырыбы: К.Кайсенов. Мальчик в тылу врага.

Оқушылар сабақ басында топқа бөлініп отырды. Сабақты жағымды психологиялық ахуалмен бастау мақсатында бір-біріне тілектер тіледі. Үй тапсырмасы «Снежки» әдісі арқылы сұрақ-жауаппен тексерілді. Оқушылар бір-бірін «Үш шапалак» арқылы қолдап отырды. Оқушылар сабақтың тақырыбын тақтаға ілінген суреттер арқылы анықтады. Мұғалім сабақ мақсатымен таныстырып, К.Кайсеновтың өмірі туралы қысқаша мағлұмат берді. Топтарға сұрақтар беріліп, оқулықтан тақырыпқа байланысты жаттығулар орындады. «Пусть всегда будет солнце» әнімен сергіту сәтін өткізді. Кітаптан оқыған мәтіндерін «Фишбон» қаңқасына салып, мәтінді талдады. Сабақтың қорытынды бөлімінде гүлдің бөліктеріне сабақта түйген ойларымен бөлісті. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 54-60 тармақтары, 3-қосымшасының 65-75 тармақтары, 4-қосымшасының 66-80 тармақтары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» 175-187-1, 188-2, 198-212, 392-1, 394, 395, 398, 401, 402, 405-425, 439, 626, 629-637 қосымшаларына сәйкес келеді.

- 2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау. *Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары және т. б.*

**Талдау нәтижелері:** ҚР Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604

бұйрығы 2-қосымша, 4-тарау, 61-тармағында «Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып көрсетілген. 2 сыныпта 50 минуттан, 3-4 сыныптарда 1 сағ 10 минуттан- (70) астрономиялық сағатта аспайды делінген. Қайта зерделеу барысында kundelik.kz журналында есептер бөліміндегі үй тапсырмасының орындалуында білім алушылардың мүмкіндігі ескеріліп, берілген үй тапсырмасына кететін уақытты қою талаптары орындалған. Мектеп басшысының қол қойылған 17.05.2022ж №23 Ақпарат хаты қосымша жолданған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 61- тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы № 115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» 175-187-1, 188-2 қосымшалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының» 1- қосымшасына сәйкес келеді.

3) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау. *Бағаланатын кезең бойынша талдау құжаттары: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары, қалыптастырушы және жиынтық бағалау түріндегі критериялды бағалау бойынша материалдар.*

**Талдау нәтижелері:** Қайта зерделеу барысында Күнделік кз жүйесі қаралып,жіберілген пәндердегі кемшіліктер жөнделінген. 2021-2022 оқу жылдарында көркем еңбек пәнінен «есептелінді», «есептелінген жоқ» белгілері 2-4 кластарға I жартыжылдықта қойылған, ал 5-6 кластарда I жартыжылдықта тоқсан сайын қойылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алынған.

**Қорытынды:** Кемшілік жойылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 3-қосымшасының 77, 78 - тармақтарына, 4-қосымшасының 83, 84- тармақтарына сәйкес келеді.

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

**Талдау нәтижелері:**

Кемшіліктер жойылған. Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларды білік жіне дағды, білім сапасын бағалау ведомстарының көшірмелері берілген, алайда осы өлшемшарттардың 15,16 қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса берілген.

**Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)**

Р/с №	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
1	9	11	11	0	4	5	2	34,4	81,8
2.	11	7	7	0	0	6	1	35,4	85,7
	Барлығы	18	18	0	4	11	3	34,7	77,7

ы

Кейінгі алынған тест нәтижесі бойынша 9, 11-сыныптар «жақсы» деген өлшемді көрсетті, 9 сынып оқушылары бойынша білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарын қарау негізінде 81,8%, 11 кластар бойынша 85,7% болғандығы анықталды.

**Қорытынды: Кемшілік жойылған.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2-қосымшасының 55, 56- тармақтарына, 3-қосымшасының 70 – 72 тармақтарына, 4-қосымшасының 75 – 80 тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» 180, 187, 192, 199, 199-1, 199-2, 391, 392, 405-408, 412-416, 419-422 талаптарына сәйкес келеді.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бұзушылықтар жойылған.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келеді;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келеді;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 3-қосымша «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келеді.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 4-қосымша «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес келеді.





#### **Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың жойылғандығына орай Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59 бабы 4 тармағының 1) тармақшасы және комиссиясының 2022 жылғы 27 мамырдағы хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Бесқоспа орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Аттестатталды».

**Комиссияның «27» мамыр 2022 жылғы №82 хаттамалық шешімі.**

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_  
  
\_\_\_\_\_

Кемешов Аскар Жайлыбаевич

Таяуова Салтанат Жубаткановна

Токсанбаева Қаракөз Құдайбергенқызы

Карибаева Калдыгул Акдаулетовна

Байсейтова Қазиза Жултаевна